

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1864 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 31 наурыздағы N 272

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1864 Р971864_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

29-тармақтағы "үш процент" деген сөздер "бес процент" деген сөздермен ауыстырылсын;

29-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Делдалдың (андеррайтердің) қызметін пайдалану арқылы акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату кезіндегі шығындардың сомасы осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шекті мөлшер есепке алынбастан, жоғарыда аталған қызметтерді көрсетуге арналған шартпен айқындалады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі